

Э.Т. Атешева, А.К. Игембаева

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ЖЕР - АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕР ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫН БАСҚАРУ МЕХАНИЗМІ РЕТІНДЕ

Аннотация Жер ресурстарын басқару процесі негізгі ұлттық байлық ретінде оларды тиімді пайдалану процесімен тығыз байланысты. Жер ресурстарын басқару жүйесіндегі ақпарат – бұл құрылған және сақталған мамандандырылған ақпараттық жүйелерде нақты әкімшілік-аумақтық деңгейдегі жер ресурстарын басқару міндеттерін шешу үшін арналған деректер жиынтығы. Жер ресурстарын басқару жүйесінің ақпаратқа деген бас талабы - ақпараттың дәл тұтынушылық тағайындалуы, оны ұсынудың уақытылы болуы, генерализация дәреженің оптималдығы.

Кілт сөздер: жер ресурстарын басқару, жер қатынастары, жер-ақпараттық жүйелер, жер қатынастарын реттеу.

Кіріспе Жер - ақпараттық жүйесінің басқа ақпараттық жүйелерден айырмашылығы оның ерекшеліктерімен шартталған – жер объектісі. Бұл жер ақпараттық жүйелерінің құрылуының нақтылы күрделіліктер туғызатын нормативтік, заңға сүйенген құқықтық, ақпараттық, ғылыми, әдістемелік базасы бар болатын күрделі кешенді объектілер. Жер - ақпараттық жүйесінің анықтамаларының ішінде кең таралғандардың бірі бұл геодезисттердің халықаралық федерациясының анықтамасы:

Жер - ақпараттық жүйе - бұл заңды, әкімшілік және экономикалық шешім қабылдау құралы және жоспарлаудағы көмек және бір жағынан, нақтылы облыс үшін жерге байланысты кеңістікті қамтитын мәліметтер қоры, екінші жағынан, мәліметтер қорын жүйелі түрде жинақтау, жаңарту, өңдеу және мәліметтерді үлестіру процедуралар мен әдістер. Бүкіл әлемде табиғи ресурстарды жоспарлау, дамыту және бақылау негізі ретінде жер туралы ақпаратқа қажеттілік өсуде. Әлемдегі өндірістің кеңейуі табиғи ортаға қысымды едәуір күшейтеді. Жер тиімді пайдалану жүйесі мен материалдық игіліктердің негізгі қайнар көзі болып саналатын ерекше маңызы бар. Жағдай бақылаудан тыс қалған мысалдарды оңай табуға болады. Жер ресурстарын ауыл шаруашылықтарда рационалды емес қолданған жағдайда құрғақшылық, жер эрозиясы және ашаршылық, дүлей апаттар орын алуы мүмкін.

Жер ресурстарын тиімді басқару және жер қатынастарын реттеу саласында шешімдер қабылдау үшін, басқарушы органдар және бар жер қатынас субъектілері жер қорының жағдайы жіне оның даму динамикасы туралы нақты ақпаратпен қамтамасыз етілуі қажет, бұл оның дамуын, шешім қабылдауын, жерді рационалды пайдалануды жорамалдауына мүмкіндік туғызады. Қазақстан жер ресурстарына өте бай. Осыған орай Қазақстанда жер қатынастары өте қызық және өзекті мәселе. Жер қатынастарының объектісі болып Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық жерлер, бөлек жер телімдері, оның аймағында не орналасқанына және құқықтық негізде оның басқа жеке субъектілерге тіркелгеніне қарамастан, сонымен қатар жер үлестері мен телімдеріне құқықтық иелену.

Жер ақпараттық жүйелердің мәліметтер қорының негізгі құраушылары мемлекеттік жер кадастрының мәліметтері болып табылады.[1]

Кез келген мемлекеттің басты міндеттерінің бірі - жерді тиімді пайдалану үшін жағдайлар құру болып саналады. Бұл мәселені шешудегі маңызды орынды жер қатынастарын реттеу жүйесі, жерге меншік, жер ресурстарын басқару және т.б. алады. 2012 жылы және одан кейінгі жылдарда жер саясатын жүзеге асырудағы келесідей негізгі мәселелер мен міндеттерді шешу мәселелері тұр: экономикалық әдістер негізінде жер ресурстарын басқару механизмдерін жетілдіру; жерді жылжымайтын мүлік объектісі ретінде айналымға тарту, жер нарығын дамыту; ақылы жер пайдалану мен жер ресурстарын ұтымды пайдалануды және қорғауды ынталандыру; жер туралы мемлекеттік ақпараттық ресурс құру және жер ресурстарын тиімді басқару экономикалық механизмінің негізі, жылжымайтын жер мүлігіне құқықтарды қорғаудың басты кепілі ретінде мемлекеттік жер кадастрының бірыңғай жүйесін жетілдіру. Кез келген мемлекеттің жер ресурсы оның ұлттық байлығы болып табылады. Ол байлықты тиімді пайдалану, жер ресурсын басқару жүйесінсіз мүмкін емес. Басқару жүйесіне деген сұраныс әсіресе, жер қатынасының қайта құрылып, жер телімдері жекешелендіріліп жатқан кезде өте қажет. Қалыптасқан жер ресурсын басқару жүйесі мемлекет пен қоғамның құқықтық, саяси, экономикалық, және әлеуметтік жағдайларын ескереді. Бұдан басқа Қазақстан экономикасындағы қайта құрылымдар жер қатынастары мен жер ресурсы басқарудың маңызын анықтап береді.

Жер қатынастарын реттеуде жер ақпараттық жүйелер маңызын, оның жер қатынастарының механизмі ретінде Алматы облысы бойынша жер қатынастары басқармасының атқарып жатқан жерге орналастыру жұмыстарының ақпараттарынан көруге болады. [2]

Алматы облысының жер қоры 2012ж. бойынша төмендегідей: 22393,4 мың га, оның ішінде ауыл шаруашылық алқаптары 16409,8 мың га, оның ішінде егістігі 1054,6 мың га, суармалысы 470,1 мың га, көпжылдық екпелер 31,4 мың га, тыңайған жер 113,5 мың га, шабындығы 470,8 мың га, жайылымдығы 14732,9 мың га және бау бақша мен қызметтік мақсаттарға арналған жер 6,6 мың га. (төменде 1- кестеде көрсетілген)

1-кесте. Алматы облысының жер қоры (2012ж. бойынша)

Атауы	Көлемі, мың.га
ауыл шаруашылық алқаптары	16409,8
оның ішінде егістігі	1054,6
суармалысы	470,1
көпжылдық екпелер	31,4
тыңайған жер	113,5
шабындығы	470,8
жайылымдығы	14732,9
қызметтік мақсаттарға арналған жер	6,6

Қазіргі кезде облыстың аграрлық секторында 920 серіктестіктер мен акционерлік қоғамдар, 150 ауылшаруашылық кооперативтері, 290 басқа мемлекеттік емес кәсіпорындар, 193 мемлекеттік кәсіпорындар және 65219 шаруа қожалықтары жұмыс істейді. Шаруа қожалықтарының басым көпшілігі Еңбекшіқазақ (15455), Талғар (11956), Қарасай (5335), Райымбек (5062) және Панфилов (4891) аудандарында ұйымдастырылған. Жер учаскелеріне меншік құқығын және жер пайдалану құқығын рәсімдеу және қайта рәсімдеу жер реформасының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Жер қатынастары басқармасының І тоқсандағы негізгі мақсаттары:

- жер қатынастарын реттеу жер ресурстарын басқару аясындағы бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу;

- стратегиялық жоспардың дамуын жүзеге асыру мақсатындағы жерге орналастыру жұмыстарын жүргізу, жоспарлы-картографиялық материалдармен жабдықтау, бюджеттік қаржыларды уақытылы игеру;

- облыс аумағында инвестициялық жобаларды іске асыруға қатысу;

- облыстық жергілікті атқарушы органдарға өз құзыретінде жерлерді тиімді пайдалану, құнарлығын арттыру және жерді қорғау жөнінде бағдарламалар бекітуге ұсыну;

- жер нарығын дамыту. [3]

Ағымдағы 2011 жылдың ақпан айында басқарманың мамандарымен Жамбыл, Қарасай, Талғар, Іле, Еңбекшіқазақ аудандарының және Қапшағай қаласының жер қатынастары бөлімдеріне іс жүргізу және сапалы және нақты есептерді өткізу бойынша тәжірибелік және әдістемелік көмек көрсетілді. Жер қатынастары бөлімдерімен (Еңбекшіқазақ, Талғар аудандары) жіберілетін кемшіліктердің басым бөлігі келісім шарттарды ескі нұсқамен толтыру болып отыр. Талғар, Еңбекшіқазақ аудандары уақытылы есеп бермейді. Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалану мәселелері өзекті болып отыр. Ел басының 2011 жылғы 12 қаңтарындағы № 01-7,1 хаттамасына және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 20 қаңтардағы № 17-5/И-92 хаттамасына сәйкес тапсырмаларды орындау мақсатында ауыл шаруашылық жерлерді түгендеу жұмыстарын жүргізу үшін облыстың барлық аудандары мен қалаларында жұмыс топтары құрылып, ауылдық округтер кескінінде тексеру жұмыстарын жүргізу кестелері бекітілді. Облыс аумағындағы ауыл шаруашылығы санатындағы жерлерді түгендеу жұмыстары толығымен аяқталды. Атқарылған жұмыстар нәтижесінде игерілмей жатқан жалпы көлемі 381,6 мың га жерлер анықталды, оның ішінде: 36,3 мың га суармалы егістік, 68,9 мың га тәлімді егістік, 9,8 мың га шабындық және 266,6 мың га жайылым жерлер. Қазіргі таңда өңіраралық жер инспекциясының қарауындағы 75,1 мың гектар жер телімдері құжаттарынан 49,5 мың гектар жер телімдері бойынша тиісті шаралар қолданылып, 25,6 мың гектар жер телімдері бойынша тиісті шарлар қолдану үшін жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар, қолданыстағы жер заңнамасының жерлерді тиімді пайдалану бөлігінде жер пайдаланушылардың міндеттеріне төмендегі іс-шараларды жүргізу қажеттігі көрсетілген: 1) жерді құнарсызданудан және шөлейттенуден, су және жел эрозиясынан қорғауға; 2) ауыл шаруашылығы жерін карантиндік зиянкестер мен өсімдік ауруларын жұқтырудан қорғауға; 3) бүлінген жерді жаңғыртуға, оның құнарлылығын және жердің басқа да пайдалы қасиеттерін қалпына келтіру мен оны шаруашылық айналымына уақытылы тартуға. [4]

Жаңа ақпараттық қоғамның негізін қалаушы сипаттамаларының бірі оның ғаламдық сипаты болып табылады. Жаңа ақпараттық қоғамды қалыптастыру үдерісінде біртіндеп ақпарат тарату және алмасу тәсілдері мен әдістері жаңартылады, уақыт үнемделеді, ұлттық шекаралар мен кедергілер бұзылады, әлемдік ақпараттық кеңістігінің, экономика, сауда, қаржы, адамзат өмірінің басқа салаларының құрылымы түбірімен өзгереді, адамдардың көзқарасы мен адамзат құндылықтарының интенсивті гомогенизациясы, мәдениет пен мәдени моделдердің эмбебаптығы (ықшамдау) байқалынады, динамизмі жылдамдатылады, бәсекелестік күшейе түседі. Қазіргі күні жерде шаруашылық түрлерін қалыптастыруға барлық жағдайлар бар. Жер телімдері жылжымайтын мүлік мәртебесіне ие болып, оның нарығы қалыптасуда, алғашқы және кейінгі жер нарығы жүйеленіп, жер пайдалану мәселесі тиімді түрде шешімін тапты. Жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі қалыптасып, жер туралы мемлекеттік ақпараттық база нығая түсті. Жер қатынастары мен жер пайдалануды заңнамалық қамтамасыз ету жүргізіліп жатыр.

1 Есполов Т.И., Сейфуллин Ж.Т., Сейтхамзина Г.Ж. Экономико-правовой механизм управления земельными ресурсами. – Алматы, 2006. – 316 с.

2 ҚР Жер кодексі 01.01.2012 г. 14 - тарау.

3 Б.С. Оспанов. Особенности преобразований земельных отношений и проведения земельной реформы в Республике Казахстан на рубеже 21 века.// Сборник «Стратегия земельных преобразований на рубеже 21 века» - Астана: Агентство Республики Казахстан по управлению земельными ресурсами, 2001.- С.5-13.

4 Информация. Информационные технологии. Информационные системы. – <http://www.itstan.ru>

ЗЕМЕЛЬНО-ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА КАК МЕХАНИЗМ УПРАВЛЕНИЯ ЗЕМЕЛЬНЫМИ ОТНОШЕНИЯМИ

Э.Т. Атешева, А.К. Игембаева

В статье рассмотрена земельно-информационная система как механизм управления земельными отношениями, как инструмент для законного, административного и экономического принятия решений и помощи в планировании и развитии, которое состоит с одной стороны из базы данных, которая содержит пространственные, связанные с землей данные для определенной области, и с другой стороны, процедур и методов для систематического сбора, обновления, обработки и распределения данных.

LAND INFORMATION SYSTEM AS A MECHANISM FOR MANAGEMENT OF LAND RELATIONS

E.T. Atesheva, A.K. Igembaeva

The land information system are described as a mechanism for management of land relations, as a tool for legal, administrative and economic decision-making and in planning and development which consists on the one hand from the database that contains the spatial land-related data for a specific field, and on the other hand, procedures and methods to systematically collect, upgrade, data processing and distribution in this article.

УДК 631.416.9: 631.8

Р.Е. Елешев, Р.Х. Рамазанова, Г.Р. Кекильбаева, А.С. Салыкова

Казахский национальный аграрный университет

АГРОЭКОЛОГИЧЕСКАЯ ОЦЕНКА СЕРОЗЕМНЫХ ПОЧВ В ЗАВИСИМОСТИ ОТ ТЕХНОГЕННОГО ЗАГРЯЗНЕНИЯ

Аннотация В статье приведены результаты трехлетних исследований по оценке воздействия техногенных выбросов на свойства сероземов обыкновенных Алматинской и Южно-Казахстанской областей.

Ключевые слова: почвы, загрязнение, тяжелые металлы, гумус, буферность, электропроводность